

Компьютердің қосымша құрылғылары.

Ақмола облысы Зеренді ауданы
Сейфуллин орта мектебінің
информатика пәнінің мұғалімі
Уалиева Ж.С.

Сабақтың барысы:


- I. Ұйымдастыру кезеңі.
- II. Сабақтың мақсаты мен міндеттерін қою.
- III. Үй тапсырмасын тексеру.
- IV. Жаңа тақырыпты түсіндіру.
- V. Тақырыпты меңгергендерін тексеру.
- VI. Қорытындылау.
- VII. Үй тапсырмасын беру.

Сабақтың мақсаты:



- Компьютерге қосылатын шеткі құрылғылардың қызметімен таныстыру. Оқушыларға алғашқы және қазіргі ақпарат тасығыштар жайында түсінік беру, ақпарат тасығыштардың әртүрлілігін көрсету.
- Оқушылар білуі тиіс: көп тараған қосымша құрылғылардың қызметін және олардың сипаттамасын, ақпарат тасығыштардың түрлерін, олардың қызметі мен сипаттамаларын, “ақпарат көздерінің ақпараттық сыйымдылығы” түсінігін.
- Оқушылар үйренуі тиіс: құрылғыны сыртқы пішініне қарап анықтауды, оның қызметін, ақпарат сыйымдылығын.

**Үй тапсырмасын
тексеру.**


Компьютердің негізгі құрылғыларын атаңдар:




Компьютердің енгізу құрылғысын атаңдар:



Компьютердің шығару құрылғысын атаңдар:



Мына құрылғылардың қайсысы
компьютердің жүйелік блогы құрамына
кіреді:



Ребусты шешіңдер:



Ребусты шешіңдер:



**Жаңа тақырыпты
түсіндіру.**

Қосымша құрылғылар – компьютердің жүйелік блогына қосымша жалғанатын құрылғылар.



**Дыбыс бағандары (колонкалары) –
дыбыстық ақпаратты шығару
құрылғысы.**


**Принтер – ақпаратты компьютерден
қағазға басып шығаруға арналған
құрылғы.**

Лазерлік
принтер


Бүріккіш
принтер

**Сканер– мәтіндік және графикалық
ақпаратты қағаздан компьютерге енгізу
құрылғысы.**

**Көпфункционалды құрылғылар
(КФҚ)– бір құрылғыдағы
принтер/сканер/копир.**



Модем – компьютерді жай телефон желісіне қосуға арналған құрылғы.



Тышқан – компьютермен жұмыс істеуге арналған ыңғайлы құрылғы.

Қатты диск
(винчестер)

Жұмсақ диск
(дискета)

Ақпарат тасығыштар

Лазерлік дискілер
(CD, DVD)

Флеш-жады

Өзіңді тексер!

1. Графикалық ақпаратты (суреттер, сызбалар және т.б.) қағаздан компьютерге енгізу құралы:

A) Сканер B) Принтер C) Монитор D) Пернетақта

2. Төменде көрсетілгендердің қайсысы компьютердің шығару құрылғысы?

A) Сканер B) Пернетақта C) Тышқан D) Принтер

3. Дыбыстық ақпаратты шығару үшін не қажет?

A) Монитор B) Колонкалар C) Сканер D) Микрофон

4. Артығын көрсетіндер:

A) Сканер B) Тышқан C) Пернетақта D) Процессор

5. Микрофон, Сканер, Тышқан қатарын төменде көрсетілген сөздердің бірімен (мазмұны бойынша) аяқтаңдар:

A) Пернетақта B) Жүйелік блок C) Дыбыс құлақтығы D) Монитор

6. Винчестер дегеніміз:

A) Жұмсақ диск(дискета) B) Қатты диск C) Лазерлік диск D) Флешка

7. Заманауи ақпарат тасығыштардың қайсысының көлемі ең үлкен?

A) Жұмсақ диск(дискета) B) Қатты диск C) Лазерлік диск D) Флешка

8. Принтер қандай құрылғы?

A) Бір компьютерден басқасына ақпарат таситын

B) Графикалық ақпаратты енгізетін

C) Ақпаратты қағазға басып шығаратын

D) Деректер мен программаларды ұзақ уақыт сақтайтын

9. Орындалатын кезде программа қайда сақталады?

A) Видеожадыда B) Жедел жадыда C) Қатты дискіде D) ТСҚ-да

10. Қайсысы ақпарат тасығыш емес?

A) Қатты диск B) Лазерлік дискілер C) Флеш-жады D) Процессор

Тест жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
A	D	B	D	A	B	B	C	B	D

9-10 дұрыс - "5"
7-8 дұрыс - "4"
5-6 дұрыс - "3"
1-4 дұрыс - "2"

Үй тапсырмасы:

Параграф 7 оқу, сұрақтарына жауап беру.

Сабақ аяқталды!
Назарларыңызға рахмет!

Қатты дискі -

- Үлкен көлемді деректер мен программаларды ұзақ уақытқа сақтайтын негізгі құрылғы.
- Ол бірнеше металл дискілерден тұрады.
- Қазіргі кезде қатты дискілердің ақпарат сыйымдылығы Терабайттарға жетті.
- Жүйелік блоктың ішінде орналасқанына қарамастан қатты дискі компьютердің сыртқы жады болып табылады.



Дискета -

- Шамалы көлемді деректерді көп қайтара жазып, сақтау үшін қолданылатын тасымалданатын магниттік ақпарат тасығыш.
- Тасығыштың бұл түрі 1970-1990 жылдардың басында кеңінен таралды.
- Дискеталардың ақпарат сыйымдылығы 1,44 Мегабайттарға жетті.



CD-ROM, DVD-дискі -

- CD-ROM тіркесі қазақ тіліне **ықшам-дискі негізіндегі тұрақты сақтау құрылғысы** деп аударылады.
- DVD-дискі – үлкен көлемді ақпаратты сақтауға және оқуға мүмкіндік беретін артығырақ тығыздықтағы құрылымды жұмыс беті бар тасығыш.
- Лазерлік дискілердің сыйымдылығы CD-дискілер үшін 650 Мбайттан, DVD-дискілер үшін 9 Гбайтқа дейінгі аралықта.



Флеш-жадылар -

- Заманауи ақпарат тасымалдайтын құрылғылар.
- Флеш-жадыларға ақпаратты көп рет қайталап жазуға болады.
- Мұндай тасығыштардың сыйымдылығы жылдан-жылға артып келеді.
- Флеш-карта түрінде барлық сандық құрылғыларда – фотоаппараттарда, видеокамераларда, ұялы телефондарда кеңінен қолданылады.

